

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Тракторшы-машинист куәлігін алу және ауыстыру

Тракторлар, ауыл шаруашылығы және жол-құрылыс техникаларына жүргізу құқығына куәлік беру немесе алмастыру қызметі «Махамбет аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ және «Ашық өкімдік» ғимараты арқылы көрсетіледі. Сонымен қатар тракторшы-машинист куәлігін алу немесе алмастыру жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.



Сондай-ақ бұл қызмет түрін www.e.gov.kz «Электрондық үкімет» порталы немесе www.elicense.kz «Е-лицензиялау» порталы арқылы электронды форматта алуға болады. Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін қызмет алушы «Салық және бюджетке төленетін басқа

да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес мемлекеттік баж төлейді. Мемлекеттік баж мөлшері — тракторшы-машинист куәлігін бергені үшін айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 50 пайызы.

Мемлекеттік қызметті алу үшін кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөліміне немесе «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мынадай құжаттар тапсырылады. Веб-портал арқылы жүгінген кезде алдымен электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы порталға тіркеліп, өтініш толтырып, сұратылған құжаттардың сканерленген көшірмелерін енгізу қажет. Сонымен қатар мемлекеттік баждың төленгенін растайтын түбіртек қоса тіркеледі.

«А», «В» және «Г» санатты тракторшы-машинист куәлігін алу үшін «ауыл шаруашылығы өндірісіндегі тракторшы-машинист» мамандығы бойынша кәсіби даярлық курсын аяқтағаны туралы куәліктің көшірмесі немесе «ауыл шаруашылығын механикаландыру» не «тракторшы-машинист» біліктілігін растайтын дипломның көшірмесі және өлшемі 3,5x4,5 сантиметр ақ немесе түрлі түсті фоны бар фотосурет қажет.

Ал «Б» және «Д» санатты куәлік алу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарға қоса 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек жолын растайтын құжат талап етіледі. Тракторшы-машинист куәлігін ауыстыру үшін өлшемі 3,5x4,5 сантиметр ақ немесе түрлі түсті фоны бар фотосурет және ескі куәлік тапсырылады.

Б.ҚАБДӨЛ,
аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы

ЖАРҚЫН БЕЙНЕҢІЗ ЖАДЫМЫЗДА!



Н.К.Крупская атындағы орта мектептің оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары, республикалық-аймақтық «Сахара» газетінде редакция меңгерушісі, Атырау менеджмент және маркетинг колледжінің директоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасының оқытушысы болды.

2007-2015 жылдар аралығында Х.Досмұхамедов атындағы университетінде аға оқытушы, тарих-филология, заң, гуманитарлық факультеттерінің деканы, университеттің шаруашылық-өкімшілік бөлімінің басшысы, университеттің З.Қабдолов, «Мәңгілік ел» және «Атырау өлкесінің тарихы, археологиясы және этнографиясы» ғылыми-зерттеу бөлімінде директор, аға ғылыми қызметкер болып қызмет атқарды. 2009-2018 жылдар аралығында Х.Досмұхамедов атындағы университеттің оқытушы-қызметкерлері бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы орынбасары, төрағасы лауазымын қоғамдық негізде атқарды. 2018 жылдың 19 маусымында баламалы негізде «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағалығына сайланды. Сонымен қатар республикалық сала аралық «Устаздық еңбек» газетінің директорының қосымша қоғамдық негізде атқарды.

2008 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы ғылыми кеңесте «Батыс Қазақстандағы баспасөздің дамуы (1917 — 1940 жж.)» тақырыбында тарих ғылымдарының кандидаттығынан диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты атанды. Баспасөз бетінде жарық көрген 600-ге жуық ғылыми және танымдық мақаланың, 3 оқулық, 8 әдістемелік-көмекші оқу құралының авторы.

Жарқын бейнесімен ел есінде қалған абзал азамат Қылышбай Сүндетұлының мезгілсіз ауыр қазасына орай отбасының қайғысына ортақтасып, қоңір айтамын. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта боғай!

«Атырау-Ақпарат» ЖШС
медиахолдингі,
Махамбет аудандық «Жайық шұғыласы» газетінің редакциясы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қызмет көрсету сапасы – бақылауда

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің басым бағыттарының бірі – қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтерді алу барысында олардың құқықтарын қорғау болып табылады.



Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында Департамент тарапынан тұрақты түрде бақылау, талдау және түсіндіру іс-

шаралары жүзеге асырылады. Бұл жұмыстар мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, анықталған кемшіліктердің

алдын алуға және оларды уақытылы жоюға бағытталған.

Дегенмен мемлекеттік органдар тарапынан азаматтарға қызмет көрсету кезінде заң бұзушылықтарға жол берілетін жеке келеген жағдайлар кездеседі. Атап айтқанда негізсіз бас тарту, артық құжаттар талап ету немесе қызмет көрсету мерзімдерін бұзу сияқты кемшіліктер орын алып жатады.

Осы бағытта жұмыс шеңберінде мемлекеттік қызмет алушының өтініштерін қарау, жоспарлы тексерулер, байқау және бақылау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 223 қызмет алушының құқығы қалпына келтірілді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және азаматтардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмысын алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастырады.

М.СӘЛМЕНОВ,
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет басқармасының бас маманы

ДЕНСАУЛЫҚ

Көзге көрінбейтін вирус – үлкен қауіп

Қызылша, қызамық және эпидемиялық паротит алғашқыда жеңіл өтетіндей көрінгенімен, салдары ауыр жұқпалы аурулар. Бұл дерттер тек балалардың денсаулығына ғана емес, тұтас қоғамның қауіпсіздігіне төнген елеулі қатер болып отыр. Аталған аурулардың басты ерекшелігі – ауа арқылы өте жылдам таралуы. Бір ғана науқас адам қысқа уақыт ішінде ондаған адамға вирус жұқтыруы мүмкін.

Аурудың кең таралуына екеннің уақытында салынбауы, ата-аналардың вакцинацияға салғырт қарауы, адам көп жиналатын орындардағы санитариялық бақылаудың әлсіздігі және иммунитеттің төмендеуі тікелей әсер етеді. Соның ішінде қызылша – ең жұқпалы инфекциялық аурулардың бірі. Ол кенеттен басталып, дене қызуының көтерілуімен, жөтелдің күшеюімен, көздің қызаруымен және теріде бөртпелік пайда болуымен сипатталады. Ең қауіптісі – аурудың асқинуы. Қызылша өкпенің қабынуына, ми қабынуына, есту қабілетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Кей жағдайларда бұл дерт адам өміріне де қауіп төндіреді.



Қызамық көп жағдайда жеңіл өтетіндей әсер қалдырғанымен, жүкті әйелдер үшін аса қауіпті. Жүктілік кезінде ауырған ананың дерті болашақ баланың тағдырына тікелей әсер етеді. Жүрек ақауы, көру мен есту қабілетінің бұзылуы секілді туа біткен кемістіктер қызамықтың ең ауыр салдары болып саналады. Эпидемиялық паротит яғни құлақша ауруы да сырттай аса қауіпті көрінбеуі мүмкін. Бұл кезде сілекей бездері ісініп, ауырсыну байқалады. Алайда аурудың салдары уақыт өте келе білінеді. Әсіресе, ұлдарда бедеулікке, жүйке жүйесінің зақымдануына әкелуі қауіпті жоғары.

Екпе алмаған балалар, иммунитеті әлсіз адамдар, жүкті әйелдер және бала-

лар ұжымында жүрген жасөспірімдер ерекше қауіп тобында. Бұл санаттағы азаматтарға профилактикалық шаралар мен тұрақты медициналық бақылау қажет. Аталған жұқпалы ауруларға қарсы ең тиімді әрі сенімді қорған – вакцинация. Уақытылы салынған екпе тек бір баланы ғана емес, бүкіл қоғамды қорғайды. Ұжымдық иммунитет қалыптасқан жағдайда індеттің таралуына жол берілмейді.

Бүгінгі бейқамдық ертеңгі орны толмас өкінішке айналуы мүмкін. Қызылша, қызамық және эпидемиялық паротитпен күрес – дәрігерлердің ғана емес, әр ата-ананың, әр азаматтың ортақ

жауапкершілігі. Баланың бір екпесі – жүздеген адамның өміріне қалқан. Сондықтан денсаулықты бүгіннен бастап қорғау – баршамыздың міндетіміз.

О.ЗИРЕК,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

Атырау облысы, Махамбет ауданы. Қазыбек би көшесінде 10 сотық жері бар времянка сатылады. Табиғи газ, жарық, су бар. Жайлы жерде орналасқан, қасында жаңа мектеп пен балабақша бар. Үй тұрмыстық заттарымен бірге сатылады. Құжаттары дайын. Бағасы – 6 500 000 тг, келісім бар.

Байланыс нөмірі: +7 775 264 2185

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПолисМунайҚұрылыс» ЖШС 16.03.2026 ж. сағат 15:00-де «Атырау облысындағы «Мақат – Солтүстік Кавказ» м-ға дейінгі газ құбыры объектісі» жобасы бойынша «ПолисМунайҚұрылыс» ЖШС-нің ластау көздерінің әсеріне экологиялық рұқсат алу үшін өтініш құжаттамалары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бақсай а. о., Таңдай а. о. мәдениет үйінде өткізілетінін хабарлайды.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/89468535140?pwd=aWpPp29Mjlljc22bT7FnXghhbCwNKx.1>

Конференцияның идентификаторы: 894 6853 5140. Қолжетімділік коды: 1hmhuV

Тапсырыс беруші - «ПолисМунайҚұрылыс» ЖШС, 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Ф. Ибатов көшесі 80-ші үй., БСН 070440010727.

Жобаны әзірлеуші – «VM engineering» ЖШС, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 28ш.м.а., 49-шы үй, пәтер/кеңсе 56, БСН 050840006859.

Құжаттамалар www.ndbecology.gov.kz ҰДБ сайтында орналастырылған.

Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекенжайлар бойынша қабылданады: «Атырау облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекенжайы: 060010, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі 77, тел: 8 (7122) 325509, электрондық мекенжай: atr_priroda@mail.ru, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>, www.ndbecology.gov.kz.

Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: pmk042007@gmail.com, тел.: 87132 459395.

Қаралатын ауданның географиялық орналасу координаттары: 1. Солтүстік ендік 47°19'44.641"С Шығыс бойлық 51°15'35.898"В. 2. Солтүстік ендік 47°13'18.8"С Шығыс бойлық 51°13'44.5"В.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ПолисМунайҚұрылыс» сообщиает, что 16.03.2026г. в 15:00 ч. по адресу: Атырауская область, Махамбетский район, Баксайский с.о., с.Таңдай Дом культуры Баксайского с.о. проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по Заявочному пакетам для получения экологического разрешения на воздействие для ТОО «ПолисМунайҚұрылыс» от источников загрязнения по проекту «Строительство газопровода от УКПГ до МГ «Мақат – Северный Кавказ» в Атырауской области».

Подключение в режиме онлайн на платформе ZOOM возможно по ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/89468535140?pwd=aWpPp29Mjlljc22bT7FnXghhbCwNKx.1> Идентификатор конференции: 894 6853 5140 Код доступа: 1hmhuV

Инициатор – ТОО «ПолисМунайҚұрылыс», 030000, Актюбинская область, г. Ақтөбе, ул.Г. Ибатова 80, БИН 070440010727.

Разработчик проекта – ТОО «VM engineering», 130000, Мангистауская область, г. Ақтау, 28 мкр., дом 49, кв./офис 56, БИН 050840006859

Документация по заявочному пакету размещена на сайте НДБ www.ndbecology.gov.kz.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Атырауской области», почтовый адрес: 060010, г.Атырау, ул. Айтеке би, 77, тел: 8 (7122) 325509, электронный адрес: atr_priroda@mail.ru, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>, www.ndbecology.gov.kz.

Дополительную информацию по проектам можно получить по адресу: pmk042007@gmail.com, тел.: 87132 459395.

Географические координаты расположения газопровода 1. Широта: 47°19'44.641"С / Долгота: 51°15'35.898"В. 2. Широта: 47°13'18.8"С / Долгота: 51°13'44.5"В.

2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округінің өкімін сайлауда кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыруға бөлінген орындар тізбесі

№	Ауылдық округ атауы	Үгіттік баспа материалдар орналастыру үшін орындар
1	Махамбет ауылдық округі	Махамбет ауылы, А.Құнанбаев көшесіндегі №14/2 үйдің жанындағы стенд
2	Махамбет ауылдық округі	Махамбет ауылы, "Жайық шұғыласы" газетіне 50 жыл" көшесіндегі №14 үйдің жанындағы стенд
3	Махамбет ауылдық округі	Махамбет ауылы, Ө.Есмағамбетов көшесіндегі №21/2 үйдің жанындағы стенд
4	Махамбет ауылдық округі	Сарытоғай ауылы, Қ.Қалыбеков көшесіндегі №24 үйдің жанындағы стенд

Махамбет аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округі өкімін сайлауы бойынша кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлардың тізімі

№	Ауылдық округ атауы	Үй-жай атауы	Мекен-жайы
1	Махамбет ауылдық округі	«Махамбет аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Өнерпаз аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимараты	Махамбет ауылы, Ж.Жабаев көшесі, 4

Махамбет аудандық аумақтық сайлау комиссиясы